

Литература:

1. **Качанова, Е.Ю.** Инновации в библиотеках./Науч. ред. В.А.Минкина. – СПб: Профессия, 2023. – 318 с. (Серия «Библиотека»).
2. Современные методы и формы работы библиотек филиалов АОО «Назарбаев Интеллектуальных школ»: Методическое пособие. – Астана, 2017. – 97 с.
3. Справочник библиотекаря / Науч.ред. А.Н.Ванеев, В.А.Минкина. - СПб: Профессия, 2021. – 448 с.
4. Библиотечно-информационное обслуживание : учебник – Спб : Профессия, 2016. –240 с.
5. **Брежнева, В. В.** Информационное обслуживание : учеб.пособие / В. В. Брежнева, Р. С. Гиляревский. – Санкт-Петербург: Профессия, 2012. – С. 93-141.
6. **Федоров, А.О.** Библиотечная блогосфера. В чем феномен библиотечного блога? – Өскемен: «Медиа-Альянс», 2018. – 87 б.

FTAMP 14.09.31

ЭОЖ 37 : 373 : 377 : 378

БІЛІМ–БАҚТЫҢ ЖІБЕРМЕЙТІН ҚАЗЫҒЫ

Тоғызбаева Т.М., оқытушы
Досмамбетова А.А., оқытушы

*Қызылординский политехнический высший колледж имени И. Абдукаримова,
г. Кызылорда, Республика Казахстан*

Андатпа. Біліммен бірге кәсіпті меңгеруде орта арнаулы оқу орындарының өзіндік ерекше рөлі бар. Ұлттың интеллектуалды, мәдени және рухани потенциалын құрудың негізі бола отырып, Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі күні бүгінге дейін өзінің басты мақсаты – экономиканың, ғылымның және қоғамдық өмірдің маңызды бағыттарының дамуының проблемаларын шешуге бағытталған жаңашыл,білімді, бәсекелестікке қабілетті мамандарды дайындаумен айналысуда. Колледжіміздің 1930 жылдан бастау алатын тарихына көз жүгіртіп, еліміздің ауылшаруашылық салаларының мамандарын даярлаған ауылшаруашылық техникумының құрметті еңбектері туралы облыстық мұрағаттардан тапқан құжаттарға, деректерге және баспасөз материалдарына сүйене отырып жаздық. Ұлттың интеллектуалды, мәдени және рухани потенциалын құрудың негізі бола отырып, колледж күні бүгінге дейін өзінің басты мақсаты – экономиканың, ғылымның және қоғамдық өмірдің маңызды бағыттарының дамуының проблемаларын шешуге бағытталған жаңашыл, білімді, бәсекелестікке қабілетті мамандарды дайындаумен айналысуда.

Түйінді сөздер. Колледж, білім, тарих, техникум коллективі, жас ұрпақты тәрбиелеу, мамандар даярлау, тарихи қалыптасқан қағидалар.

Мұхтар Әуезов «Білім - бақтың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ - әлдекімнің азығы» деп, адам өміріндегі білімнің қажеттілігін, маңыздылығын сипаттағанындай өңіріміздің беделді оқу ордасының бірі – 95 жылдық тарихы бар Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1997 жылғы 8 мамырдағы № 814 қаулысымен Қызылорда ауылшаруашылық, политехникалық және теміржол колледждерін біріктіру арқылы қайта құрылды.

Колледжіміздің бастау көзі болған Қызылорда ауылшаруашылық колледжінің тарихы жайлы сөз қозғасақ.

Қазалы малдәрігерлік-зоотехник техникумы Қазақстандағы алғашқы орта арнаулы оқу орындарының бірі болып 1930 ж. Қазақ АКСР-і Жер ісі комиссариатының қаулысы бойынша ашылған .




Сурет 1 - Қазалыдағы зоотехника-малдәрігерлік техникумының ғимараты

Алғашқы кезде зоотехник–малдәрігерлік, кейін бухгалтер-есепші, экономист, агроном, техник–механиктер дайындалды. Осы мамандықтар бойынша 1955-1956 жылдары сырттай оқитын бөлім ашылып қосымша мамандар дайындалды.




Сурет 2 - Қызылорда аграрлық индустриялық техникумының ғимараты (1930 ж.).

1930 жылы Қызылорда қаласында аграрлық индустриялық техникумы құрылып, ол 1934 жылы Қызылорда ауылшаруашылық техникумы деп аталған. Осы Қызылорда ауылшаруашылық техникумы Қазалы зоотехникалық малдәрігерлік техникумына 1959 жылы 23 ақпанда № 19 бұйрық бойынша біріктіріліп, Қазалы ауылшаруашылық техникумы болып аталды [1] (сурет 3).



Сурет 3 - 1959 жылы 19 ақпандағы № 119 Қазақ КСР Ауылшаруашылық министрлігінің бұйрығы

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қызылорда және Қазалыдағы техникумдардың ұжымы мен оқушылары өз қызметтері,білімі және еңбектерімен фашизммен күресте Жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты. Оған дәлелдердің бірі - облыстық мұрағатта сақталған қаулылар (сурет 4).




Сурет 4 - Қызылорда облыстық комитет бюросының қаулылары (1941 ж.).

1941 жылдың 15 желтоқсанда Қызылорда партиялық обкомның бюросы мен еңбекші депутаттар облсоветі атқарушы комитеті ауылшаруашылық мамандарын даярлайтын оқу орындарының студенттері мен 8-10 сынып оқушылары қысқа мерзімде трактор, комбайн және автомашиналарды меңгеруді міндеттесе, 25 желтоқсандағы отырыс қаулысының «в» пунктінде Қызылорда ауылшаруашылық техникумының директоры Филимонов және

облыстық су шаруашылығының бастығы Зозуля жолдастарға 3 күн уақыттың ішінде иелігіндегі барлық мүліктер мен тракторларды толық инвентаризация жасап, облыс шаруашылығына пайдалануға мүмкіндік жасауды міндеттеген [1].

1971 жылы 17 маусымдағы № 491 Қазақ ССР Ауылшаруашылық министрлігінің бұйрығы бойынша Қазалы ауылшаруашылық техникумы Қызылорда облысындағы Сырдария ауданына қарасты «Комсомол» совхозы аймағына көшіріліп, Қызылорда ауылшаруашылық техникумы болып аталды. 1977 жылы техникум совхозбен бірігіп, Қызылорда совхоз техникумы болып қайта құрылды [2].



Сурет 5 - 1971 жылы 17 маусымдағы № 491 Қазақ КСР Ауылшаруашылық министрлігінің бұйрығы

Осы кездерде типтік жобадағы оқу ғимараты, жатақхана, шеберхана, асхана және мұғалімдерге арналған үйлер салынды. Комсомол совхозына қаладан тікелей автобус қатынасы, су, жарық және жылу желілері, телефон байланысын қалпына келтірілді.

Техникум Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне тікелей бағынып басқарылды, республикалық бюджеттен қаржы алып отырды. Аудан, облыс бюджетінен ақша-қаражат алмаса да Қазалы, Сырдария аудандарының және Қызылорда облысы экономикасы, мәдениетін өркендетуге техникум коллективі өзінің үлкен үлесін қосты. Техникум оқушылары, мұғалімдері колхоз-совхоздарға барып көмек беріп отырды, облыс, аудан көлемінде өтетін мәдени, спорт жұмыстарына белсене қатысты. Техникум дербес жұмыс істеген кезінде көптеген оқу кабинеттері, лабораториялар, малдәрігерлік клиникасы, оқу-шаруашылығы ұйымдастырылып, оның студенттердің сапалы білім алуына көмегін тигізді. Соған қарамастан облыс, Қазалы, Сырдария аудандарының тарихын көрсеткен де, кітап жазылғанда олардағы техникумның аты жазылмай, музейлерде көрсетілмеді.

1996 жылы оқу орнының атауы Қызылорда ауылшаруашылық колледжі деп өзгертілді. Ірге тасы қаланғаннан бастап оқу орнына Е. Нұрымов, Б. Байыров, А.П. Ким, Қ. Шүренов, Ж. Құлымғалиев, Ә. Ыбыраев, Ж. Зиманов, А. Ерубасев, С. Кенжебаев сияқты азаматтар басшылық жасады [2].



Сурет 6 - Техникумның алғашқы директоры Нұрымов Есқазы



Сурет 7 - Алғашқы жылдардағы оқытушылар: Л.Н. Баранова, Л.Г. Мюльгаузен, П.И. Цой, Ж. Құлымғалиев, т.б.

Техникумда көптеген әр саладағы тәжірбиелі мамандар оқытушылық қызмет атқарды. Олар Байдаулетов И., Теміров А., Жақсылықов Т., Ли Н.П., Досжанов А., Саркытбаев Қ., Беристемов Т., Оразбахов А., Жигманов Ю.П., Торғаев Б., Тілесов Б., Жаданов Н., Құдайбергенов А., Өтепов К., Омарова Б., Жалғасбаев Ш., Ыдрысов Қ., Мамытов Ә., Қарсақбаев Р., т.б.

Қазіргі қоғамның талаптарына сай Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінде білім алып жатқан жастардан келешекте үлкен үміт күтуімізге болады. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дегендей аталмыш оқу орнында жас ұрпақты тәрбиелеуде және мамандар даярлауда тарихи қалыптасқан қағидалар мен кезінде өз іздерін қалдырған ұстаздардың еңбектері еш ұмытылмақ емес.

Әдебиеттер:

1. Қызылорда қалалық мемлекеттік мұрағаттан алынған материалдар.
2. Шежірелі білім ордасы. – Алматы: «ARNA-B» баспасы, 2020.